

Мәслихаттың 2013 жылғы 28 желтоқсандағы № 195 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Аманкелді ауданы мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 282 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 қаңтарда № 5293 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Аманкелді ауданы мәслихатының 2016 жылғы 11 мамырдағы № 27 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Аманкелді ауданы мәслихатының 11.05.2016 № 27 шешімімен (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Аманкелді аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2013 жылғы 28 желтоқсандағы № 195 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4418 тіркелген , 2014 жылғы 7 ақпанда "Аманкелді арайы" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

6-тармағы мынадай мазмұндағы 2) тармақшамен толықтырылсын:

"2) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға, соғыс қатысушыларына жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғалардың басқа санаттарына тұрмыстық қажеттіліктеріне 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.";

7-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне 150000 теңге мөлшерінде;" .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кезекті он үшінші

сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысының

уақытша міндетін атқарушы

А. Ташимов

М. Есенова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК